ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2024 жылғы 20 наурыз №7119-24-00-2/2559 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында төрағалық етуші судья А.С.Искалиева, хатшылықта Ж.С.Демеуова отырып, ашық сот отырысында қойылған талап қою бойынша азаматтық істі қарады:

Негізгі талап қою бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Астана қаласы әкімдігінің «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
«BELES» жеке кәсіпкері

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

Қарсы талап қою бойынша
ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«BELES» жеке кәсіпкері

ЖАУАПКЕР:
Астана қаласы әкімдігінің «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
шарттың біржақты бұзылуын заңсыз деп тану, орындалған жұмыстарды қабылдауға міндеттеу және орындалған жұмыстар актісін жарамды деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшының өкілі Э.К.Жадакова, жауапкердің өкілі Е.Т.Дайрабек

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 01.04.2024

Тараптар арасында 2023 жылғы 20 қазанда №85 құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы жалпы сомасы 924 000 теңге шарт (бұдан әрі – Шарт) жасалған.

Шартқа сәйкес, Орындаушы «BELES» жеке кәсіпкері Тапсырыс берушінің тапсырысы бойынша 20 күнтізбелік күн ішінде сайтты әзірлеу, содан кейін 1 жыл бойы сайт бойынша қызмет көрсетуге міндеттенген.

Тапсырыс беруші 1 желтоқсан 2023 жылы сайтты әзірлеу бойынша жұмыстарды 20 желтоқсанға дейін орындау туралы өтінім берген.

Шарттың қолданыс мерзімі 2023 жылдың 31-желтоқсанына дейін.

Шарт біржақты 2023 жылдың 29-желтоқсанында бұзылған.

Жауапкердің шартта белгіленген міндеттемесін тиісінше орындамауымен негіздеп, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануды сұрайды.

Ал «BELES» жеке кәсіпкері бұл уәжбен келіспей, argymak-astana.kz сайтын құрғанын, алайда Тапсырыс беруші сайтты әрі қарай жетілдіру үшін қажетті ақпараттар бермегенін, Тапсырыс берушіге бірнеше рет орындалған жұмыстар актісін жолдағанын көрсетіп, шарттың біржақты бұзылуын заңсыз деп тануды, жауапкерді орындалған жұмыстарды қабылдауға міндеттеуді және орындалған жұмыстар актісін жарамды деп тануды сұрады.

Сот отырысында тараптар өз талап қоюларын талап арызы мен қарсы талап арызында көрсетілген негіздер бойынша қолдап, оларды қанағаттандыруды сұрады.

<u>УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:</u>

Қарсы талап қою бойынша.

Шарттың 2.1 тармағы бойынша Орындаушы осы шарттың ажырамас бөлігі болып табылатын оған қосымшаларда көрсетілген шарттарға, талаптарға сәйкес және баға бойынша жұмыстарды орындауға міндеттенеді, ал Тапсырыс беруші орындалған жұмыстарды қабылдауға және Орындаушы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындаған кезде ол үшін ақы төлеуге міндеттенеді.

Шартқа сәйкес (2 қосымша – Техникалық ерекшелігі), жұмыстың атауы - Сайт құру, хостингті, доменді, SMM, Instagram (рилс, роликтер жасау).

Орындаушы сайтты жобалаудың үш түрлі нұсқасын ұсынады. Сайт көптілді: қазақ, орыс, ағылшын, болу қажет. Орындаушы сайттың жұмысын үздіксіз қамтамасыз етуі, соның ішінде ақпараттық қамтамасыз етуі, шексіз көлемде жаңартуы, сайтты консультативтік қолдауы қажет.

Сотта сайттың ұсынылған 1 нұсқа негізінде екі тілде (қазақ, орыс) құрылғаны анықталды. Одан әрі сайт және Instagram желісі ақпараттармен

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 01.04.2024

толықтырылмаған, яғни орындалған жұмыстар Шартта көрсетілген техникалық ерекшелікке сәйкес келмейді.

Сол себепті Шарт 2023 жылдың 29-желтоқсанында бұзылған. Тапсырыс берушінің бұл әрекетін сот заңға сәйкес деп таниды, себебі жауапкер тарапынан Шартты орындамауы орын алған.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 43-бабының 23-тармағына сәйкес тапсырыс беруші мен өнім беруші мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша қабылданған міндеттемелерді толық орындаған жағдайда көрсетілген шарт орындалды деп есептеледі.

Талап қоюшының әлеуметтік желілерде қызмет көрсету үшін жауапкер тарапынан ақпараттар ұсынылмағаны туралы уәжі негізсіз, себебі Заңның 38-бабының 4-тармағының талаптарына сәйкес, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Жоғарыда анықталған мән-жайлар мен Заңның талаптарына сәйкес, қарсы талап қанағаттандырылуға жатпайды.

Негізгі талап қою бойынша.

Заңның 12-бабы 4-тармағының 3) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Осы баптың 4-тармағы бірінші бөлігінің 1) және 3) тармақшаларында көзделген мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі заңды күшіне енген сот шешімдерінің негізінде қалыптастырылады (Заңның 12 бабы 5-тармағы).

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының «Соттардың мемлекеттік сатып алу туралы заңнаманы қолдануы туралы» 2022 жылғы 21 сәуірдегі №4 Нормативтік қаулысының (бұдан әрі – НҚ) 8-тармағында түсіндірілгендей, мемлекеттік сатып алу туралы өнім берушілермен жасалған шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар деп тану туралы талап қоюларды қарау кезінде соттар АК-нің 359-бабына сәйкес азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің негізі ретінде өнім берушінің кінәсін және АПК-нің 6-бабының бесінші бөлігіне сәйкес әділдік пен ақылға сыйымдылық өлшемшарттарын негізге ала отырып, Тапсырыс беруші үшін туындаған жағымсыз салдарларды назарға алуы қажет. Шарт тарабына шартты жасасу кезінде үміт артуына құқылы

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 01.04.2024
7119-24-3-6/201

болғанынан едәуір дәрежеде айырылуына келтірген залалды жағымсыз салдарлар деп түсінген жөн (АК-нің 401-бабының 2-тармағы).

Жоғарыда көрсетілген Заң талаптарына сәйкес жауапкер мемлекеттік сатып алуға қатысуға арыз бен баға ұсынысын беру арқылы белгіленген мерзімде тиісті сападағы жұмысты орындауға келісім білдірген.

Анықталғандай, жауапкер жасалған шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісті түрде орындамаған, яғни жұмысты келісілген мерзімде, көлемде және сапада орындамаған. Осылайша Шарттың талаптары жауапкердің тарапынан бұзылған.

Сот, талап қою заңда көрсетілген мерзімде берілгенін, Орындаушының жұмысты мерзімінде орындамауына байланысты Тапсырыс беруші үшін жағымсыз салдар пайда болғанын, ескеріп, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тануға негіз бар деп есептеп, талап арызды қанағаттандырады.

Сот шығыстары Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 117-бабына сәйкес шешіледі.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Астана қаласы әкімдігінің «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер «BELES» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«BELES» жеке кәсіпкері мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«BELES» жеке кәсіпкерінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Талап қоюшы «BELES» жеке кәсіпкерінің жауапкер Астана қаласы әкімдігінің «Арғымақ» ат-спорттық сауықтыру кешені» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнына шарттың біржақты бұзылуын заңсыз деп тану, орындалған жұмыстарды қабылдау және орындалған жұмыстар актісін жарамды деп тану туралы қарсы талап қоюын қанағаттандырудан бас тартылсын.

Шешімге Астана қалалық сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 01.04.2024

шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап бір ай ішінде берілуі мүмкін.

Судья **А.С.Искалиева**

Көшірмесі дұрыс,

Судья **А.С.Искалиева**

Анықтама:

Шешім заңды күшіне 28.05.2024 жылы енді.

Судья **А.С.Искалиева**

Құжатқа қол қойылған: Искалиева А. С., 01.04.2024

7119-24-3-6/201

[illegible] листах

колы

подпись

судья Цекалиева А.С.